

"Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 301 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 329 қаулысы Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 301 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулыға 1-қосымшаның 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаның орналасқан жері: 070016, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қаныш Сәтпаев даңғылы, 82/8."

2. Шығыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов